



У. Субхан

ҮШКӨЛТАЙ
ХАСЕНҚЫЗЫ
СУБХАНБЕРДИНА

90 ЖЫЛ




ҮШКӨЛТАЙ ХАСЕНҚЫЗЫ СУБХАНБЕРДИНА



Үшкөлтай Хасенқызы Субханбердина – көрнекті ғалым-библиограф, ұлттық библиографияның негізін қалаушысы, филология ғылымдарының кандидаты, Қазақстан гуманитарлық ғылымдар академиясының академигі 1927 жылдың 15 қаңтарында Павлодар облысы Баянауыл ауданында дүниеге келді.

Үш жасында анасынан айырылып 10 жасында «халық жауының қызы» аталды.

ҮШКӨЛТАЙ ХАСЕНҚЫЗЫ СУБХАНБЕРДИНА



Әкесі Хасенов Субханберді

Әкесі Субханберді Хасенов Шығыс Қазақстан облысы Қатонқарағай ауданында туып өскен, Алтай селосында мектеп директоры болып, математика пәнінен сабақ берді.

Үшкөлтай Хасенқызы естелігінде былай деген:

«Әкем өте көп оқығаны есімде. Оның қызыл шкафы кітаптар, газет пен журналдарға толып тұрған. 1937 жылы Кеңес өкіметі әкемді тұтқындағанда, мен 10 жаста едім. Біздің халжайымыз өте қиын болды. Біздің, балалардың, өмірімізді сақтау үшін әкемнің кітаптары жойылды. Бұл менің көкірегімде қалды. Мен өнебойы ойланатынмын: «Әкемді тұтқындап, біздерді қайғыға қалтыратындай ол кітаптар мен газеттерде не болды екен?».

Жалған дерек бойынша «революцияға қарсы әрекеті үшін» Краснояр өлкесіне 10 жылға жіберілген Хасенұлы Субханберді 1942 жылы қайтыс болды.

ҮШКӨЛТАЙ ХАСЕНҚЫЗЫ СУБХАНБЕРДИНА

СУБХАНБЕРДИНА



Суретте: Қатонқарағай ауданы Алтай селосында мектеп директоры Хасенов Субханберді (ортада), мен Улақов Нұрсолтан (сол жақта) оқушылары арасында



Суханбердинаның мектеп қабырғасындағы алғашқы жылдары

**1938-1944 жж. Үшкөлтай Хасенқызы Алматы қаласындағы
С. М. Киров атындағы №12 қазақ орта мектеп-интернатында оқыды.**

ҮШКӨЛТАЙ ХАСЕНҚЫЗЫ СУБХАНБЕРДИНА



Студент Ү. Субханбердина



Үшкөлтай Субханбердина. Ленинград. 1947 ж.

Үшкөлтай
Субханбердина,
Қапиза Аубакирова

1945 жылы Мәскеуде
өткен физкультура-
шылар парадына
қатысқан жылдар.
(түпнұсқаны алуға)



1944-1948 жылдары Қазақ мемлекеттік қыздар институтының Қазақ тілі мен әдебиеті факультетінің студенті

ҮШКӨЛТАЙ ХАСЕНҚЫЗЫ СУБХАНБЕРДИНА



Академик Серікбай Бейсенбаевпен Орталық ғылыми кітапхана ұйымдастырған кітап көрмесінде.



Орталық ғылыми кітапханада микрокөшірмемен жұмыс үстінде



Ушкультай Хасеновна, Анна Карповна, Семен Васильевич.

1952-1965 жылдары Қазақ ССР Ғылым академиясының Орталық ғылыми кітапханасында библиограф, бас библиограф, қазақ кітаптары мен сирек кездесетін кітаптар және қолжазба бөлімінің меңгерушісі қызметін атқарды.

Осы кезден ғалымның еңбек ғұмырнамасы басталып, кітаппен тығыз байланысты ғылыми ізденістері белгіленді.

ҮШКӨЛТАЙ ХАСЕНҚЫЗЫ СУБХАНБЕРДИНА



Орталық ғылыми кітапхананың директоры
Нұрхан Бәтгішқызы Ахмедовамен бірге.
01.06.1977.

1956 жылы, Қ. И.
Сәтбаевтың
инициативасымен,
Орталық ғылыми
кітапхана
кітапханашыларды
Мәскеу, Ленинград,
Қазан, Томск, Ташкент
және тағы басқа
қалаларға әріптестердің
тәжірибесімен және
Қазақстанға
байланысты кітап
басылымдарымен
танысу үшін жіберді.



1956 жыл
Ленинград

Ғылым
академиясының
Шығыстану
институтында
(Ленинград бөлімі)
Салтыков-
Щедрин
атындағы
Мемлекеттік
кітапхана
қорында,
архивтерде
жұмыс істеген
жылдар.

1968 жыл
Мәскеу.

В.И. Ленин
атындағы
Мемлекеттік
кітапханада,
қолжазбалар,
сирек кітаптар
қорында,
архивтерде
жұмыс істеген
жылдар.



ҮШКӨЛТАЙ ХАСЕНҚЫЗЫ СУБХАНБЕРДИНА



1972 жылы Таллинде өткен директорларының конференциясына қатысты.


1973 жылы фоно-фото жұмысымен танысу үшін Таллин, Тарту, Вильнюс, Рига қалаларында болған кездер.

Фредерик Шопенге гүл шоқтарын қою рәсімі.

Қазақстан жерінде революцияға дейін, одан кейін шығарылған мерзімді басылымдарға ізденіс жасағанның бірі Ү.Х. Субханбердина болды. Кітапханалар мен мұражайлардан жиналған кітаптар, газеттер мен журналдар материалдарын жас маманға үзбей конспектілеу қажет болды. Олардың көбісі араб әріпінде шығарылған болатын.

Үшкөлтай Хасенқызы кітапхана қорында жетіспеген шығармаларды тауып, көптомдық мазмұндалған библиографиялық құралдарды шығару үшін әрекет жасады. Ол, үлкен текстологиялық жұмыс жүргізді, "Түркістан уалаятының газеті", "Дала уалаятының газеті", "Айқап", "Қазақ" т.б. мерзімді басылымдардың мазмұнын ашып, кең жұртшылықты жазаға тартылған мәдениет пен ғылым қайраткерлері А.Байтұрсынов, Ә.Бөкейханов, М. Дулатов, М. Жұмабаев, Ж.Аймауытов, Ш.Құдайбердиев, Х.Досмұхамедов, М.Тынышпаев, М.Шоқай, А.Ермековтардың шығармашылығымен таныстырады.

ҮШКӨЛТАЙ ХАСЕНҚЫЗЫ СУБХАНБЕРДИНА



«АЙҚАП»

Бетіндегі мақалалар мен хат-хабарлар: Қазақтың революциядан бұрынғы мерзімді баспасөзіндегі материалдар

Мазмұндалған библиографиялық көрсеткіш: 1-бөлім. Қазақ Мемлекет баспасы.- Алматы – 1961


Бұл мазмұндалған библиографиялық көрсеткіште «Айқап» журналының бетінде басылған материалдар қамтылып, бір жүйеге келтірілген.

Библиография қоғам ғылымдарын зерттеуші ғалымдар мен аспиранттарға және тарих, экономика, философия, заң, филология факультеттерінің оқытушыларына, сондай-ақ революцияға дейінгі қазақ баспасөзінің тарихын білгісі келген жұрттың бәріне арналады.

Жалпы редакциясын басқарған филология ғылымының докторы, профессор Е. Ысмайлов

1961 ж. Ү.Х. Субханбердинаның бірінші ғылыми еңбегі - «Айқап» бетіндегі мақалалар мен хат-хабарлар. Қазақтың революциядан бұрынғы мерзімді баспасөзіндегі материалдар» атты мазмұндалған библиографиялық көрсеткіш. 1 бөлім. («Материалы, опубликованные на страницах казахской периодической печати. Ч.1,1961)

ҮШКӨЛТАЙ ХАСЕНҚЫЗЫ СУБХАНБЕРДИНА



Қазақтың революциядан бұрынғы мерзімді баспасөзіндегі материалдар.

Мазмұндалған библиографиялық көрсеткіш: 2-бөлім /Жалпы редакциясын басқарған Қазақ ССР Ғылым академиясының академигі Ә.Х. Марғұлан

Революциядан бұрынғы Қазақстанның тарихын, экономикасын, заң, мәдениет мәселелерін мазмұндайтын бұл көрсеткіш қоғам ғылымдарын зерттеуші ғалымдарға, аспиранттарға, жоғарғы оқу орындарының тарих, экономика, философия, заң және филология факультеттерінің оқытушыларына көмекші құрал болумен бірге, сол кездегі шаруашылық тұрмысты, саяси мәдени тіршілікті, шыққан газет-журналдарды білгісі келген жазушы журналистерге, қоғам қайраткерлеріне де көмекші болуына тиіс.

Мазмұндалған көрсеткіште 1870-1913 жылдар арасында қазақ тілінде шыққан «Түркістан уалаятының газеті» (1870-1882), « Дала уалаятының газеті» (1888-1902), «Қазақстан» (1911-1913) газеттері қамтылып, олардың бетінде басылған мақала-хабарлар хронология тәртібімен, хронология ішінде алфавитпен орналастырылды.

1963 ж. - «Қазақтың революциядан бұрынғы мерзімді баспасөзіндегі материалдар. Қазақ газеттеріндегі мақалалар мен хат-хабарлар: Түркістан уалаятының газеті. Дала уалаятының газеті. Қазақстан» атты мазмұндалған библиографиялық көрсеткіштің 2-ші бөлімі шығарылды.

ҮШКӨЛТАЙ ХАСЕНҚЫЗЫ СУБХАНБЕРДИНА

СУБХАНБЕРДИНА



Академик Әлкей Хаканұлы Марғұланмен сұхбат.

1964 жылы Ү. Х. Субханбердина «XIX ғ.аяғы – XX ғасырдағы Қазақтың революцияға дейінгі мерзімді баспасөз және көркем әдебиеті» деген тақырып бойынша кандидаттық диссертациясын қорғады.

Ғылыми жетекшілері академик Ә. Х. Марғұлан, корреспондент-мүше Е. С. Ысмайылов.

ҮШКӨЛТАЙ ХАСЕНҚЫЗЫ СУБХАНБЕРДИНА



Оңнан солға қарай: Қ.Қайшыбаев, Х.Бекхожин, З.Қожабеков,
М.Бетембаева, Ү.Субханбердина, К.Субханбердина
23 қыркүйек 1977 жыл.



1977 жылы 23 қыркүйек М.О. Әуезовтің
туғанына 80 жыл. Республика сарайында.
Солдан оңға қарай: Венгрия ғалымы Мандоки
Иштван Қонгур, Үшкөлтай Субханбердина,
академик Нәйля Оразғұлқызы Базанова,
Капуза Сейдахметқызы Субханбердина.

1966 жылы М.О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының аға ғылыми қызметкері, кейін (1973ж.), фоно-фото бөлімінің меңгерушісі болып қызмет етті. Сол жылдары, өздерін зерттеулері мен приоритеттерінде батыл білдірген, фольклор мен әдебиеттанушылар мектебі құрылды. Отандық ғылымның жетістіктерін айқын ашқан есімдер - Н. С. Смирнова, М. Қаратаев, Ә. Шәріпов, С. С. Қирабаев, З. А. Ахметов, Е. В. Лизунова, И. Х. Габдиров, Ш. К. Сәтпаева, Р. Бердібаев және тағы басқалар. Ү. Х. Субханбердинаның Институтта жұмыс істеген жылдары-ең жемісті кезең болды. Ғалымдар мен мамандардың кең көлемінде, отандық библиография мен кітап шығарудың терең зерттеушісі және құнды ғылыми еңбектердің авторы ретінде белгілі болды.

ҮШКӨЛТАЙ ХАСЕНҚЫЗЫ СУБХАНБЕРДИНА

СУБХАНБЕРДИНА


Ү. Х. Субханбердина ғылыми және баспа қызметке белсенді қатысады, Орталық ғылыми кітапханамен ынтымақтасады. Қ. Сәтпаев, Ғ. Мұсрепов, А. Марғұлан, басқа белгілі қазақ қайраткерлерінің дауыстарын қайта қалпына келтіріп алтын дискіге жазып, сақтаған.

Әдебиеттанушы Е. Ысмаилов былай деп жазған: «Мазмұндалған библиографиялар - Ү. Субханбердинаның ғылыми зерттеулерінің негізгі мазмұны, бірақ ол деректерді жинаумен және библиографиялық белгілеумен (бекітумен) шектелмейді. Ү. Субханбердина қазақ мерзімді баспасөз проблемаларына өз бағасын беріп, мерзімді баспасөздің сол уақыты үшін үлкен дамушы маңызына көңіл аударды».



Академик жазушы Ғабит Мүсіреповпен бірге.

ҮШКӨЛТАЙ ХАСЕНҚЫЗЫ СУБХАНБЕРДИНА



Ғашық-наме. Шығыс хикаяларының желісіне құрылған қазақ дастандары. Алматы, «Жазушы», 1976. 472 бет.

Ү. Х. Субханбердинаның құрастырған шығыс сюжеттеріне жазылған «Ғашық-наме» тақырыпты қазақ лирико-эпостық жинағы 1976 жылғы ғылыми өмірдің көрнекті оқиғасы болып табылады. Кітапта араб және парсы тілдерінің түсініктемелері, географиялық атаулар көрсеткіші, комментариялар берілген.

ҮШКӨЛТАЙ ХАСЕНҚЫЗЫ СУБХАНБЕРДИНА



Үшкөлтай Субханбердина Ильфа Ілиясқызы
Жансүгіровамен бірге. Ақпан, 1982 жыл



Үнтаспа мен суретті жинауда.
Үшкөлтай Субханбердина мен Флора Оразаева

Ү.Х. Субханбердина, өз еңбектерінде, орыс библиографиясының теориясы мен дәстүрлері арқылы, отандық кітаптар мен мерзімді басылымдардың тарихын, библиографиялық ақпараттың функцияларын республикалық библиографияда пайдалану шешімдерін түсіндіруге талаптанды

ҮШКӨЛТАЙ ХАСЕНҚЫЗЫ СУБХАНБЕРДИНА



Ұлттық кітапхана директоры Роза Бердіғалиевамен.
«Абай» энциклопедиясының тұсаукесер тойында. 1995 жж.



Ү. Х. Субханбердинаның ғылыми қызметінде кітап тарихы, библиография және әдебиеттану проблемаларын ғылым мен мәдениет дамуының тиянақты бөлімі ретінде зерттеуі лайықты орын алады.

Ү.Х.Субханбердина еңбектерін жазу үшін Қазақстан, Ресей, Өзбекістанның кітапханалары мен мұражайларында көп ізденіс жүргізіп, ғылыми әдебиеттерді терең талқылады.

XX ғасырдың ортасында Ү.Х. Субханбердина кеңес цензурасы тыйым салған қазақ рухани мұрасы жөніндегі проблеманы, жазаға тартылған қазақ саяси, ғылыми және мәдени қайраткерлерінің есімдерін қайтару проблемасын көтеріп, оларды зерттей бастады.

Ол қазақ ғылымының мөлшерін едәуір кеңейтіп, әдебиеттанудың, ұлттық библиография мен баспасөздің заңдылықтары мен проблемаларын өңдеді.

ҮШКӨЛТАЙ ХАСЕНҚЫЗЫ СУБХАНБЕРДИНА




Ү. Субханбердина, Академик Ә.Х.Марғұлан және Ә. Дербісалин 1982 ж.



Солдан оңға қарай: Субханбердина Үшкөлтай, Ләйла Мұхтарқызы Әуезова, Зарема Ғалиқызы Жұбанова, Евгения Васильевна Лизунова.

Ғалымның ғылым жолында қосқан үлкен үлесіне С. Мұқанов, Е. В. Лизунова, М.Базарбаев, Б. Сүлейменов, А.Жұбанов, А.Сейдімбек, У. Кумісбаев, Ж. Ысмағұлов, Р.Қайшыбаева, Д. Камзабекұлы, т.б. ғалымдар мен мамандар жоғары баға берген. Жұмыстарын Қ. Сәтпаев, М. Әуезов, А. Марғұлан, Б. Кенжебаев, Ш. Сарыбаевтар колдады.

ҮШКӨЛТАЙ ХАСЕНҚЫЗЫ СУБХАНБЕРДИНА



Ү. Субханбердина. «Қазақ»,
«Алаш», «Сарыарқа». -
Алматы: Ғылым, 1993, - 200 б.

Қазақ мерзімді баспасөз тарихымен байланысты бірегей басылымдардың бірі - әкесіне арнап шығарған «Қазақ», «Алаш», «Сарыарқа» (1993) библиографиялық көрсеткіші. Отандық библиографияда, тарихнамада, деректануда бұл сияқты еңбек бірінші рет даярланған. Көрсеткішті құрастыру үшін автор көп жыл бойы ғылыми сипаттаған «Қазақ», «Алаш», «Сарыарқа» газеттерінің материалдарын пайдаланған. Автор Қазақстан тарихы, отандық баспасөздің тарихын зерттеу үшін мерзімді басылымдардың мәніне ерекше көңіл бөлген, мәдениет қайраткерлері, тарихи құбылыстар туралы кейбір мәліметтерге сыншылдық білдірген.

ҮШКӨЛТАЙ ХАСЕНҚЫЗЫ СУБХАНБЕРДИНА



1989-1996 жылдары «Ғылым»
баспасында Ү.Х.Субханбердинаның «Дала
уалаятының газеті» («Киргизская степная
газета») тақырыпты 4 жинақ шықты.
Басылымдарда 1888-1902 жылдар
аралығында Омбы қаласындағы қазақ
және орыс тілінде шығып тұрған «Дала
уалаятының газетінде» жарияланған қазақ
елінің саяси өмірі, шаруашылығы,
мәдениеті, тарихы жайындағы
материалдар беріліп отыр.

Жинақтардың негізгі мақсаты - сол
кездегі қоғамның мәдени-тарихи жағдайын
көрсету.

«Дала уалаяты газетінің» бесінші
басылымында (1996) 1888-1902 жылдар
аралығында шыққан материалдар
көрсетілген.

ҮШКӨЛТАЙ ХАСЕНҚЫЗЫ СУБХАНБЕРДИНА



Алматы, 1995ж. Караша.
Оннан солға қарай — Кайырбек Кеменгеров (немересі). Үшкөлтай Субханбердина, Нарманбет
Кеменгеров (Қошкенің ұлы), Бейсенбай Байғалиев. Құғын — сүргін құрбаны — Кеменгеров Қошмухамбет
(Қошке) Дүйсебайұлы. (1894-1942ж.)




Солдан оңға: Шөмішбай Сариев, Үшкөлтай Субханбердина, С. Каскабасов, Райхан Ерғалиева.
07.02.1996ж.



**1995 жылы Үшкөлтай Хасенқызына
Гуманитарлық ғылымдар
академиясының академигі
атағы берілді.**

ҮШКӨЛТАЙ ХАСЕНҚЫЗЫ СУБХАНБЕРДИНА



Ү.Субханбердина. Қазақ халқының атамұралары: Мазмұндалған библиографиялық көрсеткіш. Алматы: Қазақстан Республикасы, Орталық ғылыми кітапхана, 1999. - 834 б.

1999 жылы Ү.Х. Субханбердина Қаныш Имантайұлы Сәтпаевқа арнап «Қазақ халқының атамұралары» атты мазмұндалған библиографиялық көрсеткішін шығарды. Қазан төңкерісінен бұрынғы қазақ елінің әдебиетін, мәдениетін, тарихын, экономикасын, заң мәселерін көрсеткіште 1870-1918 жылдар аралығында жарық көрген «Айқап», «Қазақ», "Түркістан уалаятының газеті", «Дала уалаятының газеті», «Қазақстан», «Алаш», «Сарыарқа», «Бірлік туы» мерзімді басылымдарда шығарылған 5204 материалдар көрсетілген.

Ғалым құрастырған бұл көрсеткіш мәдени-тарихи зор құндылығы бар, ірі библиографиялық көрсеткіштер жүйесінің жалғасы. Ұзақ уақыт бойы зерттеулердің көз аясында болмаған жазаға тартылған жазушылар, ақындар, ғалымдар, қоғамдық қайраткерлер М. Жұмабаев, А.Байтұрсынов, Ш.Құдайбердиев, Х.Досмұхамедов, М.Шоқай т.б. туралы фактографиялық ақпаратты ұсынады.

ҮШКӨЛТАЙ ХАСЕНҚЫЗЫ СУБХАНБЕРДИНА



Үшкөлтай
СУБХАНБЕРДИНА

Ү.Х.Субханбердинаның ғылыми еңбектері кітап және мерзімді баспасөз тарихын зерттеу, Қазақстанда библиографиялық қызметі туралы білімді тарату мен насихаттау оның рухани қажеттілігі болғанын дәлелдейді.

Павлодар
облысының
Алматыдағы
күндері.
27 ақпан 1997 ж.
1.Тито Сыздықов,
ҚР Мәжілісінің
депутаты
2.С.Қорабай,
3.Ү.Субханбердина,
4.Т.Медетбек,
5.Р.Нұрғали,
6.А.Сейдімбеков,
7.Р.Токтаров,
8.С.Қасқабасов,
9.А.Жаксыбеков,
10.С.Негимов,
11.К.Кенжетаев,



Орталық Ғылыми кітапхананың 60 жылдығына арналған жиналыс

ҮШКӨЛТАЙ ХАСЕНҚЫЗЫ СУБХАНБЕРДИНА

СУБХАНБЕРДИНА



Ү. Х. Субханбердина. 2005 ж.

Үшкөлтай Хасенқызы
Субханбердина 2008 жылы
қайтыс болды. Бірақ ол өз ісіне
толық берілген, мерзімді
басылымдарды тарихи дерек
ретіндегі маңызын дәлелдеген,
библиографиялық ақпараттың
тарихы мен теориясының
дамуына зор үлес қосқан ғалым
болып есімізде қалады.